

Түркістан облысының білім бөлімінің «Ақбота» бөбекжай-бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Бұйрық №02

02.09.2024ж

Жуантөбе ауылы

МДҰ кеңес беру пунктінің
жұмысын ұйымдастыру туралы

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары негізінде және мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек көрсету үшін

БҰЙЫРАМЫН:

1. Жаңа 2024 -2025 оқу жылынан бастап «Ақбота» бөбекжай-бақшасы ата-аналарға арналған кеңес беру пункті ашылсын.
2. Кеңес беру пункттің жұмыс кестесі бекітілсін.
3. Кеңес беру пункттің жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Кеңес беру пунктінің жұмысы туралы ақпаратты сайтқа, әлеуметтік желіге, мектепке дейінгі ұйымының хабарландыру бұрыштарына орналастырылсын.
5. Консультациялық көмек көрсету үшін мамандар бекітілсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бақшаның әдіскер М. Жандарбековаға жүктелсін.

«Ақбота» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі:  К.Қырқымбаева



«Бекітемін»
«Ақбота» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі: А.А.А. Қ.Қырқымбаева

«02» қыркүйек 2024ж.

Консультациялық пункт жұмысының 2024-2025 оқу жылындағы жоспары

№	Тақырыбы	Жұмысшысы	мерзімі	Жауаптылар
1	Консультациялық пункттің 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту.	Ақпарат жинау	Қыркүйек	Менгеруші
2	Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оның ішінде әлеуметтік желілер (Instagram, Facebook, Telegram) МДҰ сайты арқылы консультациялық пунктіннің жұмысы басталғаны туралы ақпараттық стенд.	Ақпараттық хабарламалар	Қыркүйек	Менгеруші Әдіскер
3	Мектепке дейінгі ұйымның сайтында «Виртуалды консультациялық пунктіннің» ашылуы.	Ақпараттық хабарламалар	Қыркүйек	Менгеруші
4	МДҰ сайтында «Сұрақ-жауап» айдарын ашу.	Онлайн форматта	Жыл бойы	Менгеруші
5	Ата-аналар мен балалардың МДҰ бару кестесін әзірлеу (МДҰ бармайтын балалар үшін Ашық есік күні).	Мамандармен кездесу	Қыркүйек	Менгеруші Әдіскер
6	Ата-аналарға сауалнама жүргізу. 1. МДҰ-ғы білім сапасына қанағаттану. 2. Балалар мен ата-аналардың МДҰ іс-шараларына қатысуы.	Хабарландыру	Қараша Мамыр	Менгеруші Әдіскер
7	Отбасы жағдайында баланың өмірін ұйымдастыру	Ата-аналармен әңгіме лесу	Жыл бойы	Әдіскер
8	Баланың өміріндегі күн тәртібі: Бөбекжай – бақшадағы күн тәртібі қандай?	Консультация	Сұранысқа қарай	Әдіскер
9	Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктері. Балалардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктері: • бала дамуының жас кезеңдерін түсіну; • ерте жастағы физиологиялық өзгерістер; • жүйке жүйесі мен мінез-құлқының ерекшеліктері.	Консультация	Қазан	психолог

10	Баланың өміріндегі ойын: балалар мен қандай ойындар ойнаймыз? Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар.	Консультация	Жыл бойы	Әдіскер тәрбиешілер
11	Балаларды мектепке дейінгі ұйымға бейімдеу. Балаларды әлеуметтендіру: - балаға дос табуға қалай көмектесуге болады; - қарым-қатынас сабақтары: балаға басқалармен қарым-қатынас жасауды үйрету; - Ата-аналардың әлеуметтену процесіндегі рөлі.	Консультация	Сұранысқа қарай	Әдіскер тәрбиешілер
12	Баланың өміріндегі күн тәртібі: отбасында және бақшада баланың тамақтануын ұйымдастыру. Балалардың тамақтануын ұйымдастыру: • Балаларға арналған саламаты тамақтану негіздері; • дұрыс тамақтану әдеттерін қалай қалыптастыруға болады; • әртүрлі сырқаттар бар болған жағдайдағы тамақтану.	Ата-аналармен әңгіме лесу	Жыл бойы	Әдіскер Мейірбике
13	Гигиеналық дағдылар мен әдеттерді қалыптастыру.	Ата-аналармен әңгіме лесу	Кестеге сәйкес	Мейірбике тәрбиешілер
14	Балалар кітапханасы: балаларға қандай кітаптар оқимыз?	Ата-аналармен әңгіме лесу	Жыл бойы	Әдіскер - психолог тәрбиешілер
15	Отбасындағы мерекелер. Біздің ойын-сауықтар.	Ата-аналармен әңгіме лесу	Сұраныс бойынша	Әдіскер музыкалық жетекші тәрбиешілер
16	Баланы мақтау және айыптау. Қайтпек керек?	Консультация	Кестеге сәйкес	психолог
17	«Менің данышпан балам» тақырыбындағы ашық кеш күні.	Дөңгелек үстел	Жарты жылдықта	Меңгеруші Әдіскер

«Бекітемін»
«Ақбота» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі: Мәдениет К.Қырқымбаева

«02» қыркүйек 2024 жыл

Консультациялық пункт жұмысының кестесі

№	Қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты	Педагогтің лауазымы, санаты	Қабылдау уақыты
1	Қырқымбаева Қызжан	«Ақбота» бөбекжай- бақшасының меңгерушісі	Дүйсенбі Сәрсенбі
2	Жандарбекова Меруерт Нурилдаевна	әдіскер	Сейсенбі
3	Бұрханбаева Алтынкүл Теңгебайқызы	медбикесі	Сәрсенбі
4	Оспанова Мөлдір Жаксылықовна	психолог	Бейсенбі
5	Өміртайқызы Дамира	Мектеп алды топ тәрбиешісі	Бейсенбі
6	Сығалаева Жансая Кайратовна	Орта топ тәрбиешісі	Жұма
7	Сағындықова Гүлмира Ержановна	Кіші топ тәрбиешісі	Жұма

**Консультациялық пункт және баланың ата-аналары
арасындағы өзара ынтымақтастық туралы
ШАРТ**

Ақбаста мектепке дейінгі ұйымы(бұдан әрі – МДҰ) мен баланың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) өзара міндеттемелері туралы
«02» 09 2024 ж. № 1 шарт _____ мектепке
дейінгі ұйымның менгерушісі атынан № 1 _____ мектепке дейінгі ұйым бір тараптан
және Ақбаста Сағазат анасы (әкесі, оларды алмастыратын тұлға), бұдан әрі
«Ата-ана» деп аталады, келесі тараптан төмендегі мазмұнда осы Шартты жасасты:

1. Мектепке дейінгі ұйым міндеттенеді:

- 1.1. Ата-анасының өтініші негізінде баланы МДҰ-ның консультациялық пунктін есепке алу.
- 1.2. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғауды, оның зияткерлік, дене және жеке дамуын қамтамасыз етуге; баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оған деген жеке әдісті жүзеге асыруға, баланың эмоциялық игілігіне қамқорлық жасауға.
- 1.3. Заттық-дамытушылық ортаны ұйымдастыру (үй-жайлар, жабдықтар, оқу-көрнекі құралдар, ойындарға арналған материалдар).
- 1.4. Баланың әрекетін жасына, жеке ерекшеліктеріне, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес ұйымдастыру.
- 1.5. Мамандар қызметін ұсыну.
- 1.6. Бала ауырып қалғанда, сондай-ақ ата-анасы (заңды өкілі) дәлелді себептермен (ауруы, іс сапар және т.б.) демалыста және уақытша болмаған жағдайда балабақшаның кеңес беру пунктінде баланың орнын сақтау.
- 1.7. МДҰ-ның консультациялық пунктінде болған кезеңінде бала мүлкінің пунктке сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.
- 1.8. Ата-анаға (заңды өкілге) баланы тәрбиелеу мен оқытуда, оның дамуындағы ауытқуларды түзетуде білікті көмек көрсету.
- 1.9. Осы Шартты сақтау.

2. Ата-ана міндеттенеді:

- 2.1. Осы Шартты сақтау.
- 2.2. Баланың алдағы уақытта болмауы туралы балабақшаға хабарлау (демалыс, ауру және т.б.).
- 2.3. Баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық бағыттары бойынша МДҰ консультациялық пункті мен өзара әрекеттесу, бірлескен іс-шараларға белсенді қатысу.

3. Мектепке дейінгі ұйым құқылы:

- 3.1. Баланың консультациялық пунктке одан әрі болуына кедергі келтіретін баланың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды болған кезде, баланы шығарып жіберуге.
- 3.2. Ата-анасы (заңды өкілі) өз міндеттемелерін жүйелі түрде орындамаған жағдайда, оған бұл туралы 10 күн бұрын хабарлап, осы Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

4. Ата-ана құқылы:

- 4.1. Балабақшаның консультациялық пунктінде балалармен жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.
- 4.2. Консультациялық пункттің жұмысы туралы есептерді тыңдау.
- 4.3. Мектепке дейінгі ұйым басшысына бұл туралы алдын ала 10 күн бұрын хабарлай отырып, осы Шартты бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзу.

5. Шарттың қолданылу талаптары.

- 5.1. Шартқа қол қойылған сәттен бастап қолданылады, тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы, өзгертілуі, толықтырылуы мүмкін.
- 5.2. Шартқа өзгерістер, толықтырулар Шартқа қосымша түріндер есімделеді.

6. Тараптардың жауапкершілігі.

- 6.1. Тараптар міндеттеменің орындалмағанын емес етісті дәрежеде орындалмағаны үшін жауапты.
7. Шарттың қолданыс мерзімі 01.09.2024 - 01.09.2025 аралығында.
8. Шартқа қол қойған тараптар:

«Ақбота» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі: Аманжол К.Қыркымбаева
(қолы)
М.О.

«02»қыркүйек 2024 жыл

Ата-ананың (заңды өкілдің)

Т.А.Ә. Азбаев С.А

Мекенжайы: Аманжол ауданы
З. Досталықов кө. 101 (қолы)

«02» 09. 2024 ж